

**"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы N 41/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 7 желтоқсанда N 2010 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 17 мамырдағы N 19/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 17.05.2013 N 19/01 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы "Дене шынықтыру және спорт туралы", 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы", 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы", 2007 жылғы 11 қаңтардағы "Ақпараттандыру туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі, дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" N 981 қаулысына, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 5 наурыздағы "Дене шынықтыру және спорт саласында азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу мен шарттарының ережесін, сондай-ақ Жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға біліктілік санаттарын беру ережесін бекіту туралы" N 02-02-18/29 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 22 тамыздағы "Спорттық атақтар мен разрядтар және спорттан төреші санаттарын берудің ережесін бекіту туралы" N 01-08/142 бұйрығына сәйкес, Саран қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік қызметті көрсетудің "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты

әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" регламенті  
б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Саран қаласы әкімінің орынбасары  
Гүлмира Серікқызы Беделбаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Саран қаласының әкімі*

*С. Касимов*

С а р а н

қ а л а с ы

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

8

қ а р а ш а д а ғ ы

№ 41/02 қаулысымен бекітілген

**"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті**

## **1. Негізгі ұғымдар**

1. Осы регламентте келесідей негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірліктер: уәкілетті органдардағы жауапты тұлғалар, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер немесе оларға бағынысты жүйелер;

2) мемлекеттік қызметті алушы – жеке тұлға;

3) уәкілетті орган – "Саран қаласының білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

4) халыққа қызмет көрсету орталығы - "жалғыз терезе" қағидаты бойынша өтініштерді қабылдау және беру жөнінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсетуді іске асыратын республикалық мемлекеттік к ә с і п о р ы н ;

5) ХҚКО АЖ – халыққа қызмет көрсету орталықтарына арналған ақпараттық жүйе.

## **2. Жалпы ережелер**

2. Мемлекеттік қызмет "Саран қаласының білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – уәкілетті орган) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік

қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру жөніндегі комитетінің "Қарағанды облысы бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынының шаруашылық жүргізу құқығындағы филиалының Саран қаласындағы бөлімі арқылы көрсетіледі (бұдан әрі – Орталық), (байланыс деректері осы регламентке 1-қосымшада көрсетілген).

3. Мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының, "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының, "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының, "Қазақстан Республикасының Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі, дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 шілдедегі N 981 қаулысының, "Дене шынықтыру және Спорт саласында азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу мен шарттарының ережесін, сондай-ақ Жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға біліктілік санаттарын беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 5 наурыздағы N 02-02-18/29 бұйрығының және "Спорттық атақтар мен разрядтар және спорттан төреші санаттарын берудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 22 тамыздағы N 01-08/142 бұйрығының негізінде көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға-спортшыларға және спорт төрешілеріне (бұдан әрі - алушылар) спорттық разрядтары мен біліктіліктерін ресми тану мақсатында көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызмет нәтижесі қағаз жеткізгіште бес жыл мерзімге спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрықтан үзінді не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысандағы дәлелді жауап болып табылады.

### **3. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі алушы жүгінген сәттен бастап күнтізбелік 30 күннен аспайды (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте жергілікті атқарушы орган мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға бір күн қалғанда

ұ с ы н а д ы ) ;

2) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтудің жол берілетін ең көп уақыты 20 минуттан аспайды;

3) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең көп уақыты 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет уәкілетті органда демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін көрсетіледі.

Орталықтарда мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден сенбіні қоса алғанда, еңбек заңнамасына сай, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін үзіліссіз көрсетіледі.

Қабылдау "электрондық" кезек тәртібінде жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

10. Уәкілетті органдар аталған мемлекеттік қызметті көрсетуден мынадай негіздемелер бойынша бас тартады:

1) осы регламенттің 17-тармағында көрсетілген құжаттардың толық тізбесі ұсынылмаса;

2) құжаттарда жалған немесе бұрмаланған деректер анықталса;

3) спортшыға спорттық атақтарды беру құжаттарын тиісті норматив немесе талаптар орындалған сәттен бастап алты айдан асып кеткен мерзімде ұсынылса.

Алушы осы регламенттің 17-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуін тапсырмаған жағдайда, орталық құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды қабылдаудан бас тартқан кезде Орталықтың қызметкері алушыға жетіспейтін құжаттарды көрсете отырып қолхат береді.

Өтінішті қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап, құжаттар толық ұсынылмаған не болмаса мемлекеттік қызмет көрсету үшін белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда алушыға екі жұмыс күні мерзімінде беріледі.

11. Мемлекеттік қызметті алушыдан мемлекеттік қызметті алуға өтініш қабылдағаннан бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін берген уақытқа дейінгі мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы қажетті құжаттар пакетімен бірге Орталыққа өтініш береді;

2) Орталық құжаттарды қабылдайды, тіркейді және құжаттарды уәкілетті органға береді;

3) уәкілетті органның жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттарды тексереді, мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ресімдейді, бұйрық не бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындайды және мемлекеттік қызметті алушыға береді.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін уәкілетті органда құжат қабылдауды жүзеге асыратын тұлғалардың ең аз саны бір қызметкер.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс - әрекеттер тәртібінің ( өзара іс-қимылдар) сипаттамасы**

13. Орталық арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін өтініштердің бланкілерін т о л т ы р у т а л а п е т і л м е й д і .

14. Орталықта құжаттарды қабылдауды операциялық залда "кедергісіз" қызмет көрсету арқылы орталықтың қызметкерлері жүзеге асырады.

15. Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттар тапсырылған кезде алушыға мыналар көрсетіле отырып тиісті құжаттардың қабылданғаны т у р а л ы қ о л х а т б е р і л е д і :

- 1) сұрауды қабылдау күні мен нөмірі;
- 2) сұрау жасалған мемлекеттік қызмет түрі;
- 3) қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;
- 4) құжаттарды беру күні (уақыты) мен орны;
- 5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған орталық қызметкерінің тегі, а т ы , ә к е с і н і ң а т ы ;
- 6) алушының тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары.

16. Орталықта дайын құжаттарды алушыға беруді орталықтың қызметкері қолхаттың негізінде онда көрсетілген мерзімде күн сайын "терезе" арқылы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Егер алушы көрсетілген мерзімде қызметтің нәтижесін алуға келмесе, орталық оның бір ай бойы сақталуын қамтамасыз етеді, содан кейін өкілетті о р г а н ғ а б е р е д і .

17. "1 жасөспірімдік разряд спортшысы", "2 жасөспірімдік разряд спортшысы", "3 жасөспірімдік разряд спортшысы" спорттық разрядтарын беру туралы мемлекеттік қызметті алу үшін алушы Орталыққа мынадай құжаттар тізбесін ұ с ы н а д ы :

- 1) осы регламентке 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы ұсыным;
- 2) жарыстың атауы, оны өткізу мерзімі мен орны көрсетілген, жарыстың бас төрешісі мен бас хатшысы қол қойған хаттамадан көшірме;
- 3) осы спорт түрінен республикалық федерацияның мөрімен расталған жарыстар хаттамаларының көшірмелері;
- 4) осы регламентке 3-қосымшаға сәйкес бас төрешісінің, бас хатшысының қол қойған бокс, күрес түрлері мен басқа да жекпе-жектердің нәтижелері туралы а н ы қ т а м а с ы .

"Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы", "Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы" санаттарын беру (және/немесе растау) туралы мемлекеттік қызметті алу үшін алушы Орталыққа мынадай құжаттар тізбесін ұсынады:

1) осы регламентке 5-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;  
2) білімі туралы, біліктілігін арттыруы туралы құжаттардың көшірмелері;  
3) еңбек кітапшасының немесе жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек шартының немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актісінен үзіндінің көшірмесі немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтен тұратын мұрағат анықтамасы;

4) осы Регламентке 6-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы анықтама ("Біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушы" санатын беруді қоспағанда);

5) осы спорт түрінен облыстық федерацияның мөрімен расталған жарыстар хаттамаларының көшірмелері ("Біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушы" біліктілік санатын беруді қоспағанда);

6) бұдан бұрынғы біліктілік санатын беру туралы куәліктің көшірмесі.

Мынадай құжаттардың мәліметтері:

жеке тұлға үшін - алушы жеке тұлғаның жеке басын куәландырушы құжат.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурс болып табылатын құжаттардың мәліметтерін уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден халыққа қызмет көрсету Орталықтарының ақпараттық жүйесі арқылы электрондық цифрлық қолтаңба қойылған электрондық құжат нысанында алады.

"Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы", "Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы" санаттарын беру осы регламентке 4-қосымшаға сәйкес дене шынықтыру ұйымдары қызметкерлері лауазымдарына арналған біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер" және "Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер" санатын беру (және/немесе растау) туралы мемлекеттік қызметті алу үшін алушы Орталыққа мынадай құжаттар тізбесін ұсынады:

1) осы регламентке 5-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;  
2) білімі туралы, біліктілігін арттыруы туралы құжаттардың көшірмелері;  
3) еңбек кітапшасының немесе жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек шартының немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актісінен үзіндінің көшірмесі немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтен тұратын мұрағат анықтамасы;

4) бұдан бұрынғы біліктілік санатының берілуі туралы куәліктің көшірмесі.

"Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы" санатын беру (және/немесе растау) туралы мемлекеттік қызметті алу үшін алушы Орталыққа мынадай құжаттар тізбесін ұсынады:

- 1) осы регламентке 5-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) білімі туралы, біліктілігін арттыру туралы құжаттардың көшірмелері;
- 3) еңбек кітапшасының немесе жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек шартының немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актісінен үзіндінің көшірмесі немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтен тұратын мұрағат анықтамасы;

4) спорт түрінен федерацияның спортшының соңғы 2 жылдағы жетістіктері көрсетілген, санатын беру туралы мөрмен расталған қолдаухаты;

- 5) бұдан бұрынғы біліктілік санатының берілуі туралы куәліктің көшірмесі.

Мынадай құжаттардың мәліметтері:

жеке тұлға үшін - алушы жеке тұлғаның жеке басын куәландырушы құжат.

Біліктілік санаттарын беру осы регламентке 4-қосымшаға сәйкес дене шынықтыру және спорт ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдарына арналған біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

"Спорт төрешісі" төреші санатын беру туралы мемлекеттік қызметті алу үшін алушы Орталыққа Қазақстан Республикасының спорттық жіктегішінің талаптарына сәйкес төрешілік практика курсынан өткенін растайтын құжатты ұсынады.

18. Мемлекеттік қызмет туралы ақпаратты "Саран қаласының білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің [www.obrazovanie.saran.kz](http://www.obrazovanie.saran.kz) ресми сайтында алуға болады.

19. Мемлекеттік қызметті көрсету үрдісіне келесідей құрылымдық-функционалдық бірліктер қатыстырылған (бұдан әрі – ҚФБ):

- 1) Орталық қызметкері;
- 2) уәкілетті органның басшылығы;
- 3) уәкілетті органның жауапты орындаушысы.

20. Әрбір әкімшілік іс-әрекеттің (рәсім) орындау мерзімін көрсетумен әр ҚФБ әкімшілік іс-әрекеттерінің (рәсімдерінің) дәйектілігі мен өзара іс-қимылының мәтіндік кестелік сипаттамасы осы регламентке 7-қосымшада келтірілген.

21. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттер мен ҚФБ қисынды дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін схема осы регламентке 8-қосымшада көрсетілген.

## 5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымдық тұлғалардың жауапкершілігі

22. Мемлекеттік қызметтің көрсетілуі үшін жауапты тұлға уәкілетті органның басшысы және Орталық басшысы болып табылады (бұдан әрі – лауазымды тұлға)

Лауазымды тұлға мемлекеттік қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімдерде іске асыру мен сапасы үшін жауапты болады.

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, жоғары және орта деңгейдегі санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

**"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсету бойынша уәкілетті органның және халыққа қызмет көрсету Орталықтарының байланыс деректері**

Білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызметті іске асыратын уәкілетті органның және халыққа қызмет көрсету орталықтарының атауы	Орналасқан орны, мекенжайы, электрондық мекенжайы	Байланыс телефоны	Жұмыс кестесі
1	2	3	4
	101200, Қарағанды облысы, Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 65	8 (72137) 40555	Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден сенбіні қоса алғанда, еңбек заңнамасына сай, белгіленген жұмыс



"Саран қаласының білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	saragoo@mail.ru		кестесіне сәйкес сағат 9.00 -ден 20.00-ге дейін үзіліссіз
Орталық: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру жөніндегі комитетінің "Қарағанды облысы бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынының шаруашылық жүргізу құқығындағы филиалының Саран қаласындағы бөлімі	101200, Қарағанды облысы, Саран қаласы, Жамбыл көшесі 85/3 www.saran-2012@mail.ru	8 (72137) 50309	Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден сенбіні қоса алғанда, еңбек заңнамасына сай, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00 -ден 20.00-ге дейін үзіліссіз
Орталық: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру жөніндегі комитетінің "Қарағанды облысы бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынының шаруашылық жүргізу құқығындағы филиалының Саран қаласындағы бөлімі	101200, Қарағанды облысы, Ақтас кенті, Первомайская көшесі, 16 Б www.saran-2012@mail.ru	8(72137) 55034	Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден сенбіні қоса алғанда, еңбек заңнамасына сай, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00 -ден 20.00-ге дейін үзіліссіз

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызметін көрсету регламентіне 2-қосымша

ҰСЫНЫМ	Атағы	Түрлі түсті сурет (2 дана) 3,5 x 4,5
Спорт түрі		
Тегі, аты, әкесінің аты (мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады)	Туған күні	
Ұсынып отырған өңір (облыс, қала)	Ведомство	Спорт мектебі

Оқу, жұмыс орны	Білімі	Дене шынықтыру білімі
Спортпен шұғылдану өтілі		
Үйінің мекенжайы		
Алдыңғы атағы	Атақ берілген немесе расталған күн	
Спортшыны даярлаған жаттықтырушының Т.А.Ә.	Жаттықтырушылық санаты	
Бастапқы дене шынықтыру ұйымы Басшы _____ МО Күні " __ " __ 20__ ж.	Дене шынықтыру және спорт басқармасы (облыс, қала) Басшы _____ МО Күні " __ " __ 20__ ж.	Осы спорт түрінен Қазақстан Республикасының федерациясы Басшы _____ МО Күні " __ " __ 20__ ж.

Комиссияның қарауына келіп түскен күні " \_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Негізгі көрсеткіштер (нормативтер)			
Орындаған күні (күні, айы, жылы)	Жарыстардың атауы	Жарыс дәрежесі, санаты	Көрсеткен нәтижесі
Төреші лауазымы	Төрешінің Т.А.Ә.	Қала (ел)	Төрешілік санаты
Бас төреші			
Бас хатшы			
Аға төреші			
Атақ беру туралы белгі		Жауапты тұлға (Т.А.Ә.)	Лауазымы
Бас тартудың себебі және бұзушылық туралы белгі 20__ ж. «__» _____ жолданған күні			

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызметін көрсету регламентіне 3-қосымша  
Нысан

## Нәтижелер туралы анықтама

\_\_\_\_\_ берілді  
тегі, аты-жөні, әкесінің аты \_\_\_\_\_  
қаласы \_\_\_\_\_

Жарыстың өткен мерзімі және орны \_\_\_\_\_

Салмақ санаты \_\_\_\_\_ кг. дейін.

Алған орны \_\_\_\_\_

Аталған салмақ санатында қатысқан спортшылардың саны \_\_\_\_\_

P/c N	Спортшының Т.А.Ә.	Облысы (қаласы)	Спорттық атағы	Нәтижесі

Жарыстардың бас төрешісі \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

Жарыстың бас хатшысы \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

Жарыстың бас төрешісінің қолы өткізуші ұйымның мөрімен расталады

\_\_\_\_\_ (жаттықтырушы, әдіскер, нұсқаушылардың біліктілік санаттарын беру ережелерімен таныстым)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

"Екінші және үшінші разрядтар,  
бірінші, екінші және үшінші  
жасөспірімдік разрядтар,  
біліктілігі жоғары және орта  
деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы  
біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші  
санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі  
жоғары және орта деңгейдегі екінші  
санатты әдіскер, спорт төрешісі  
спорттық разрядтары мен санаттарын беру"  
мемлекеттік қызметін көрсету  
регламентіне 4-қосымша

**Дене шынықтыру және спорт ұйымдары қызметкерлерінің  
лауазымдарына арналған біліктілік талаптары**

**1. Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы**

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, біліктілік арттыру курсынан өтуі, тиісті куәлігінің болуы тиіс, оның ішінде:

Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарында спорт түрлерінен бағдарламада немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық нөмірлерде 1-6-орын алған бір спортшыны дайындау;

Азия ойындарында, Азияның Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындарында спорт түрлерінен немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық нөмірлерде 1-3-орын алған бір спортшыны дайындау; әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарында, Дүниежүзілік универсиадаларда, халықаралық жасөспірімдер ойындарында жеке немесе командалық ойын түрлерінен 1-5-орын алған немесе студенттер арасындағы чемпионатта 1-орын алған бір спортшыны дайындау;

мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарында, Дүниежүзілік мүгедектер ойындарында, Азия жасөспірімдер паралимпиадалық ойындарында спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 1-5-орын алған немесе жастар мен мүгедек студенттер арасындағы әлем чемпионаттарында 1-орын алған бір спортшыны дайындау;

жеткіншектер арасындағы әлем немесе Азия чемпионатында 1-3-орын алған бір спортшыны дайындау;

жеткіншектер арасындағы мүгедектер спорты түрлерінен әлем немесе Азия чемпионатында 1-3-орын алған бір спортшыны дайындау;

республиканың ұлттық құрама командасына үш спортшыны дайындау;

республиканың жастар құрама командасына төрт спортшыны дайындау;

республиканың жасөспірімдер құрама командасына бес спортшыны дайындау;

елдің құрама командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы ретінде кемінде үш жыл жаттықтырушы-оқытушы ретінде жұмыс істеу.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 желтоқсандағы, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі, "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико-биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт

түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормаларын.

## **2. Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы**

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:

Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарға бір қатысушыны дайындау ;

Азия ойындарында, Азия Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындарында спорт түрлерінен немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық нөмірлерде 4-6-орын алған бір спортшыны дайындау ;

Әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарына, Дүниежүзілік универсиадаларға бір қатысушыны дайындау ;

мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарында, Дүниежүзілік мүгедектер ойындарында, Азия жасөспірімдер паралимпиадалық ойындарында спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 6-9-орын алған бір спортшыны дайындау ;

халықаралық кешенді жеткіншектер арасындағы ойындарда жеке немесе спорттың ойын түрлерінен 6-9-орын алған бір спортшыны дайындау ;

жеткіншектер арасында мүгедектер спорты түрінен әлем немесе Азия чемпионатында 4-6-орын алған бір спортшыны дайындау ;

республиканың ұлттық құрама командасына екі спортшыны дайындау ;

республиканың жастар құрама командасына үш спортшыны дайындау ;

республиканың жасөспірімдер құрама командасына төрт спортшыны дайындау ;

спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта немесе спорт колледжінде одан әрі жаттығуы үшін төрт спортшыны тапсыру ;

елдің құрама командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы ретінде кемінде бір жыл жаттықтырушы-оқытушы ретінде жұмыс істеу ;

дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық немесе облыстық уәкілетті органда кемінде екі жыл ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс істеу.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 желтоқсандағы, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі, "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі

стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико-биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормаларын.

### **3. Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы**

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде: кешенді халықаралық жасөспірімдер ойындарында спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 6-8-орын алған бір спортшыны дайындау; жасөспірімдер арасында мүгедектер спорты түрлерінен әлем немесе Азия чемпионаттарында 6-8-орын алған бір спортшыны дайындау; спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатқа немесе спорт колледжіне одан әрі жаттығуы үшін екі спортшыны тапсыру; облыстардың, Астана және Алматы қалаларының құрама командаларына үш с п о р т ш ы н ы дайындау ; дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық немесе облыстық уәкілетті органда кемінде екі жыл ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс істеу; дене шынықтыру және спорт жоғары оқу орнын немесе басқа жоғары оқу орнының дене тәрбиесі факультетін үздік бітіргені туралы дипломының, сондай-ақ көрсетілген оқу орны мен факультетті бітіргені туралы диплом мен " Қазақстан Республикасының спорт шеберінен" төмен емес спорттық атағының б о л у ы .

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 желтоқсандағы, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі, "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы, " Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико-биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормаларын.

#### **4. Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушы**

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 желтоқсандағы, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі, "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико-биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормаларын.

#### **5. Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы**

Біліктілік талаптары: орта білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:

Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарында спорт түрлерінен немесе ойын спорты түрлерінен жеке, командалық нөмірлерде 1-6-орын алған бір спортшыны дайындау;

Азия ойындарында, Азия паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындарында спорт түрлерінен немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық нөмірлерде 1-3-орын алған бір спортшыны дайындау;

әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарында, Дүниежүзілік универсиадаларда, кешенді халықаралық жасөспірімдер ойындарында спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 1-5-орын алған бір спортшыны дайындау;

мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарында, Дүниежүзілік мүгедектер ойындарында, Азия жасөспірімдер паралимпиадалық ойындарында спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 1-5-орын алған немесе жастар және мүгедек студенттер арасындағы әлем чемпионатында 1-орын алған бір спортшыны дайындау;

жеткіншектер арасындағы әлем немесе Азия чемпионатында 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

жеткіншектер арасындағы мүгедектер спорты түрлерінен әлем немесе Азия

чемпионатында 1-3-орын алған бір спортшыны дайындау;  
республиканың ұлттық құрама командасына үш спортшыны дайындау;  
республиканың жастар құрама командасына төрт спортшыны дайындау;  
республиканың жасөспірімдер құрама командасына бес спортшыны  
д а й ы н д а у ;

елдің құрама командасында мемлекеттік, аға жаттықтырушы ретінде кемінде  
ү ш ж ы л ж ұ м ы с і с т е у ;  
